

"Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 226 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2020 жылғы 8 шілдедегі № 118 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 10 шілдеде № 20948 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 11 наурыздағы № 56 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚРМемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 11.03.2022 № 56 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 226 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19804 болып тіркелген, 2020 жылғы 5 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланды) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ашық деректер интернет-порталында орналастырылатын ашық деректер тізбесінде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 28-жолмен толықтырылсын:

"

28	Қ Р Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына оқуға түскен мемлекеттік қызметшілер туралы статистикалық деректер	жыл сайын	30 қыркүйекке дейін	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Қ Р Президентінің жанындағы МБА, ҚР МҚІА Мемлекеттік қызмет департаменті
----	---	-----------	---------------------	---------------------------------------	--

";

Аббревиатуралардың толық жазылуында:

орыс тіліндегі "ҚР МҚІА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі;" жолға өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тіліндегі мәтін өзгермейді;

"ҚР МҚІА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі;" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"ҚР Президенті жанындағы МБА – "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны;"

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) Заң департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты одан әрі орындау үшін Агенттіктің жауапты құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын онымен таныстыруды;

3) осы бұйрықтың Агенттіктің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарларына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы*

А. Жаилғанова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі